

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1995 жылғы 1 наурыз N 2068. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.26. N 3531 жарлығымен. ~U973531

Біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми педагогикалық кадрларды аттестациялау, ғылыми дәрежелер беру мен ғылыми атақтар беру жүйесі қызметін жетілдіру, сондай-ақ ғылыми және техникалық бағдарламалар мен жобаларды тәуелсіз сараптауды қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті /Қазақстан Республикасының МАК-і/ болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестациялық комитетінің негізгі міндеттері:

біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми педагогикалық кадрларды аттестациялау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, тиісті министрліктер мен ведомстволардың, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының қызметіне бақылау жасау мен оны үйлестіруді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуетін қалыптастыруға қатысу; ғылымның, техниканың, білім мен мәдениеттің даму тенденциялары мен перспективаларына талдау жасау;

*Ескерту. 2-тармақтың 5 абзацы алынып тасталды - ҚР Президентінің 1996.03.11. N 2895 қаулысымен.*

3. Қазақстан Республикасының МАК-іне өзіне жүктелген функциялар шегінде министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары, кәсіпорындар мен ұйымдар орындауға міндетті шешімдер қабылдау құқы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының МАК-і ғылыми дәрежелер беру мен ғылыми атақтар беру жөнінде мемлекет атынан түпкілікті шешімдер қабылдайтын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының МАК-і орталық аппаратының ғылыми дәрежелері мен атақтары бар қызметкерлері үшін тиісті лауазымдық екбекақыларының 50 процентіне дейінгі мөлшерде үстемелер белгіленсін;

Қазақстан Республикасы МАК-інің адам саны, оны қаржы және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін шешсін;

Қазақстан Республикасының МАК-і туралы Ережені бекітсін.

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 17 мамырдағы N 784 Жарлығының /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 18, 302-бап/ күші жойылған деп танылсын.

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*